

Қырақ қырау өнері

Қыз сұлу көрінеді
өрнегімен,
Тізіліп сөз маржанын
тергенімен.
Майысып, бұратылып,
майда басып,
Жаныңа наз қылықпен
келгенімен.

Дарытқан бар асылды өз
бойына,
Қыз сұлу көрінеді өнерімен.
Құлпырады мектебімнің
арулары,
Өткендей сұлулықтың
елегінен.



- Қыз еркем кестесімен көркем,
Ұл еркем өнерімен көркем.
- Асыл тастан шығады,
Өнер жастан шығады.
- Өнер өрге жүзгізеді.
- Қыз қылығымен.
- Қыздың ұяты шешеге.
- Қыз мінезді келсін,
Ұл өнерлі келсін.
- Ақылды қыз білімге жүгінер,
Ақылсыз қыз сөзге ілігер.



Халықтың ұлт екенін айыратын үш негізгі арнасы бар:

* тіл өнері;

* саз өнері;

* қол өнері;

Халқымыздың қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру сияқты шығармашылық жиынтығын айтамыз.

Солардың ішінде ертеден келе жатқан өнер, апаларымыз тігетін құрақ құраудың да өзіндік тарихы бар.

- 1) Оқушылардың құрақтың шығу тарихына байланысты жинаған аңыз-әңгімелерін, мәнжазбаларын тыңдау.
- 2) Құрақ құрау өнерінің пайдасы, қандай геометриялық пішіндер түстер, маталар, құрал – жабдықтар, тұрмыста қайда қолданамыз, оның түрлері туралы не білесіңдер?

Құрақ құрау

Көрпе құрақ

Шыдамды, тозбайтын матадан көздері үлкен бөліктерден құралады

Жастық құрақ

Көздері майда бөліктермен өте нәзік әрі әдемі түстер – мен құралады

Қазақ тілінде құрақ құрау өнері - **құрақ**

Орыс тілінде құрақ құрау өнері - **лоскутное шитье**

Ағылшын тілінде құрақ құрау өнері - **пэчворк**

Жапон тілінде құрақ құрау өнері - **сашико**

Ортадағы құрақ пен шетіндегі құрақтың арасына «су» жүргіземіз.

«**Су**» дегеніміз бір түсті матадан кесіліп алынған жіңішке жолақ.

«**Қос су**» дегеніміз екі түсті матадан жүргізілген жолақ

Түрлі түсті мата қиындыларынан **құрақ құрау** жұмысы – нәзік сезімді, түсті аңғарғыш, эстетикалық талғамы еркектерден жоғары тұратын әйелдердің еншісіндегі іс болған.

Ел арасында құраққа қатысты бірсыпыра атаулар қолданылады:

құрақтың суы – құрақтардың арасына жүргізілетін бір түсті жолақтар, **құрақтың көзі** – құрақтардың ортасына басқа түстен тігілетін өрнек, яғни басқа құрақ соның айналасына тігіледі,

кекілік қас – ақ және қара маталардың қиындыларынан кекіліктің қасына ұқсатып тігілген құрақ,

қайшы құрақ – кекілік қас құрағының негізінде тігіліп, көздігінің жанына қайшы пішініндегі кішкене құрақтың ұластырылған түрі,

таңлай құрақ – адам таңдайының пішініндегі өте майда құрақтар,

жұлдыз құрақ – таңдай пішінді құрақтан құралып, көздері тең үшбұрышты түсті барқытпен көмкерілген түрі,

тырнақ қатар – тырнаққа ұқсаған үшбұрышты құрақшалардан құралған түрі, т.б.

Құра қ

Қажетті
құрал-
жабдықтар

Геометрия-
лық
пішіндер

пайдасы

Түстер

Тұрмыста
қолданылуы






Мата




Құрақ
түрлері




Шетін
әшекейлеу















Сыныпта 2 топ бар:

- “Достар” тобы
- “Жұлдыз” тобы

Сайыстың жоспары:

1. Топтың аты, ұраны, әні, эмблемасы
2. Топ басшыларының презентациясы
(ғаламтордан ақпарат, фото, видеолар алу, оны Powerpoint программасымен жасау шеберлігі)
3. Топ мүшелерінің өздері жасаған құрақтарының көрмесі және жинақ папкасын қорғауы. (Әр топ мүшесі қорғайды, мақал-мәтел, өлең жолдарымен)
4. “Кім жылдам” ойыны (Шатасқан геометриялық денелерден құрақ түрін құрап шығу)
5. “Ұлттық қазақи нақышта” сән көрсетілімі
(қыздардың өрнектер қосып ой-қиялдарымен жасаған күнделікті киім түрлері)

2.Топ басшыларының
презентациясы
(ғаламтордан ақпарат, фото,
видеолар алу, оны Powerpoint
программасымен жасау
шеберлігі, сөз байлығымен
ерекшеленуі)













Құрақ құрау, бұл да – бірегей өнер







“Кім жылдам” ойыны

(Шатасқан геометриялық денелерден құрақ түрін құрап шығу)











*“Ұлттық
қазақи
нақышта”
сән
көрсетілімі*

«Қыздың жиған жүгіндей»,
«Қыздың тіккен кестесіндей» деген
сияқты теңеулер қыз баланың
ұқыптылығын , шеберлігін көрсетеді.
«Қыз- елдің көркі, гүл – жердің көркі»
деген де мақал бар. Осының бәрі де
қыз баланың сүйкімділігінен ,
жанының нәзіктігінен , әрі іске
талапты да алғырлығынан , өнер-
білімге бейім тұратын сергектігінен
шыққан сөздер болса керек.
Халқымыз қыз баланы ардақтап
ұстайды, оған қатты сөз айтпай,
мәпелеп өсіреді.